

Батыс Қазақстан облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 38-3 шешімі . Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 қазанда № 6407 болып тіркелді.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 30.09.2021 № 6-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Батыс Қазақстан облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер, медициналық бұйымдар осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес қосымша тегін берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 30.09.2021 № 6-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының кейбір шешімдері 2-қосымшаға сәйкес күші жойылды деп танылсын.

3. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (Е.Калиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Н. Серғалиев

М. Құлшар

Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 2020 жылғы
30 қыркүйектегі № 38-3
шешіміне 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша тегін берілетін амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, арнайы емдік өнімдер, медициналық бұйымдар

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1 қосымшаға өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 15.12.2025 № 22-5 **шешімі**мен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізілді).

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 24.10.2024 № 15-3 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 13.12.2024 № 16-6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.06.2025 № 18-6 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); 15.12.2025 № 22-5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

№	Аурулар	Халық санаты	Дәрілік заттарды, арнайы емдеу өнімдерді және медициналық бұйымдарды тағайындау үшін айғақтар (дәрежесі, сатысы, ауыр ағым)	Дәрілік заттардың (шығару нысаны) арнайы өнімдердің және медициналық бұйымдардың атауы
1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі дәрілік заттар				
1	Созылмалы жүрек жеткіліксіздігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Сакубитрил+ Валсартан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар; Эплеренон үлбірлі қабықпен қапталған таблетка
2	Ювенильдық артрит	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат, тері астына енгізуге арналған ерітінді; Адалимумаб, инъекцияға арналған ерітінді, тері астына енгізуге арналған ерітінді; Анакинра, шприцте алдын ала толтырылған инъекцияға арналған ерітінді; Канакинумаб, бұлшықет ішіне және тері астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған

				лиофилизат, тері астына енгізу үшін ерітінді. Тофацитиниб үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар Инфликсимаб инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
3	Ағзалар мен тіндерді трансплантациялаудан кейінгі жағдай	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тенофовир таблеткалар, Тенофовир Алафенамид, үбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
4	Буллездік эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Дәрілік құрамы бар стерильді таңғыштар, стерильді Бактерияға қарсы атравматикалық сіңіргіш таңғыштар, Бинт (жоғары серпімді бекіткіш, торлы, құбырлы, синтетикалық мақта), Силикон бұласыр, қорғаныш кремi, көбік, гель, бальзам, дәрілік құрамы бар ж а қ п а , Эммолиенттер, антисептиктер, стерильді мақта дискілері, стерильді апирогенді инелер, майлықтар (стерильді, ылғалды гигиеналық), арнайы сульфатсыз балалар сусабыны, Бактерияға қарсы с п р е й , мамандандырылған нәресте майы, балаларға арналған липидті тоқтататын лосьон
				Адамның қалыпты G иммуноглобулині

5	Ювенильдық дерматомиазит	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	, инфузияға арналған ерітінді; Метотрексат, инъекцияға арналған ерітінді; Метилпреднизолон, таблеткалар, Микофенол қышқылы Босап шығуы ұзаққа созылатын, қабықпен қапталған таблеткалар
6	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Панкреатин, құрамында минимикросфералар бар ішекте еритін қабықпен қапталған капсулалар
7	Балалар церебралды сал ауруы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Ботулиндік токсин А типі кешені – гемагглютинин, бұлшықет ішіне және тері астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
8	Гематологиялық аурулар, гемобластоza және апластикалық анемияны қоса алғанда	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Верификацияланған диагнозда ауыртпалықтың барлық сатылары мен дәрежелері	Третиноин, капсулалар
9	Қан ұю факторларының тұқым қуалаушылық тапшылығы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Қан ұюының VIII факторы және Виллебранд факторы вена ішіне енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған құтыдағы лиофилизат
10	Аяқталмаған остеогенез	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Туа біткен аномалия (қан ақаулары), кисаю және хромосомдық бұзылыстар	Ибандрон қышқылы, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар, көктамыр ішіне инъекцияға арналған ерітінді; Памидрон қышқылы, инфузия үшін ерітінді

				дайындауға арналған концентрат
11	Жүректің ишемиялық аурулары	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Ривароксабан, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
12	Жүйелі беріштену (жүйелі склеродермия)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Тоцилизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат, тері астына енгізуге арналған ерітінді. Микофенолата мофетил үлбірлі қабықпен қапталған капсула.
13	Жүйелі қызыл жегі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының шешімі бойынша	Ритуксимаб, венаішілік инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, тері астына енгізуге арналған ерітінді
14	Мұрынжұтқыншақтың қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Интерферон бета-1b, инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
15	Шегрен ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Гидроксихлорохин, үбірлі қабықпен қапталған таблеткасы. Ритуксимаб, венаішілік инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат, тері астына енгізуге арналған ерітінді.
				Ритуксимаб, венаішілік инфузия үшін ерітінді

16	Оптиконевромиелит (Девик ауруы)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	дайындауға арналған концентрат, Азатиоприн, таблетка
17	Ұйқы безінің басқа туа біткен ауытқулары	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диазоксид, капсулалар
18	Созылмалы Тромбоэмболиялық өкпе гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Риоцигуат, қабықпен қапталған таблетка
19	Аналық бездің қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Олапариб үбірлі қабықпен қапталған таблетка.
20	Өкпенің қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Атезолизумаб ертінді дайындауға арналған концентрат
21	Жылжымалы беріш	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Кладрибин, үбірлі қабықпен қапталған таблеткасы, Офатумумаб тері астына инъекцияға арналған препарат, Сипонимод пленкамен қапталған таблеткалар
22	Бронхиалды астма	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Омализумаб венаішілік инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат. Тезепелумаб Тері астына енгізуге арналған ерітінді
23	Псориаз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Секукинумаб, венаішілік инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат.
24	Бастапқы иммунитет тапшылығы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік — консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Ланаделумаб Тері астына енгізуге арналған ерітінді.

25	Екі аяқтың, шап аралық, жыныс мүшесінің басы мен денесінің венозды мальформациясы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Сиролимус Ішке қабылдауға арналған ерітінді
26	Алынып тасталды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 15.12.2025 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)			
27	Алынып тасталды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 15.12.2025 № 22-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі)			
28	Пароксизмалды түнгі гемоглобинурия (Маркиафав-Микел)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Экулизумаб Инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат.
29	Перинаталдық кезеңде орын алған бронхөкпелік дисплазия	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Паливизумаб Бұлшықет ішіне енгізуге арналған ерітінді
30	Өңештің құрылымы (кедергісі)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Панкреатин құрамында ішекте еритін қабықпен қапталған минимикросфералар бар капсула.
31	Дюшен/Беккер Бұлшықет Дистрофиясы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Голодирсен инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған концентрат дайындауға арналған ұнтақ, Касимерсен көктамыр ішіне енгізу үшін ерітінді
32	Өкпе артериялық гипертензиясы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Селексипаг үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
33	Эпилепсия	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Зонисамид капсула Лакосамид үбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
34	Басқа дистониялар	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Ботулинді токсин бұлшықет ішіне және тер астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат

35	Миастения	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Преднизолон үлбірлі қабықпен қапталған таблеткасы, Азатиоприн үлбірлі қабықпен қапталған таблеткасы, Равулизумаб инфузияға арналған ерітінді дайындауға арналған концентрат, Метилпреднизолон таблеткасы
36	Н факторына антиденелермен байланысты атипті гемолитикалық-уремиялық синдром	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Экулизумаб инфузиялық ерітінді дайындауға арналған концентрат
37	Ассоциацияланған спондилоартрит	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Секукинумаб тері астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
38	Басқа көріністі жылауықты фиброз, Муковисцидоз, аралас түрі, ішектер мен тыныс алу жолдарының зақымдалуы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Инфузияға арналған құтыдағы микроэлементтер ерітіндісі, суда ерігіш дәрумендер, инфузияға арналған құтыдағы лиофилизат ұнтақ, май эмульсиялары, майда еритін дәрумендер, инфузияға арналған құтыдағы эмульсия Трилекса -" Элексакафтор 100 мг-тезакафтор 50 мг-ивакафтор 150 мг , Трилекса " Элексакафтор 100 мг-тезакафтор 50 мг-ивакафтор 75 мг
39	Десмоидты фиброматоз	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Пазопаниб үлбірлі қабықпен қапталған таблетка
40	Гипофосфатемиялық рахит-тұқым қуалаудың х-байланысты доминантты түрі	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Буросумаб инъекцияға арналған ерітінді

41	Нейрофиброматоз	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Селуметиниб қатты капсула
42	Нефротикалық синдром	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Ритуксимаб инфузияға арналған ерітінді дайындауға арналған концентрат
43	Көптеген миелома	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Помалидомид капсула
44	Жедел миелобластылық лейкоз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Венетоклакс үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
45	Қалқанша безінің қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Вандетаниб үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
46	Сүт безінің қатерлі ісігі	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Трастузумаб Дерукстекан инфузияға арналған ерітінді концентратын дайындауға арналған лиофилизат
47	Басым түрде ергежейлілікпен білінетін туа біткен аномалиялар синдромы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Соматропин, инъекция үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизацияланған ұнтақ, инъекцияға арналған ерітінді
48	Қозғалтқыш нейронның ауруы,			

	бүйірлік амиотрофиялық склероз	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Рилузол үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
49	Диффузды остеопороз, деформациялаушы спондилез	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Терипаротид, тері астына енгізуге арналған ерітінді, шприц-қалам
50	Гиперкинетикалық церебралды спастикалық салдану	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Ботулинді токсин бұлшықет ішіне және тер астына енгізу үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат
51	Анықталмаған дистония	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігергік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Селегилин үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
52	Ауыр миастения	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігергік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Имуноглобулин, көктамыр ішіне енгізу үшін
53	Симптоматикалық эпилепсия	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігергік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Руфинамид, үлбірлі қабықпен қапталған таблетка
54	Созылмалы қабынбалы демиелиниздеуші полинейропатия	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігергік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Имуноглобулин, көктамыр ішіне енгізу үшін

55

Идиопатиялық өкпе
гипертензиясы

Диспансерлік
есепте тұрған
ересектер

Бейінді
мамандардың
қатысуымен
медициналық
ұйымның дәрігерлік
– консультативтік
комиссиясының
шешімі бойынша

				қабықпен қапталған таблеткалар
56	Лимфангиолейомио матоз	Диспансерлік есепте тұрған ересектер	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымның дәрігерлік – консультативтік комиссиясының шешімі бойынша	Сиролимус, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар
2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі медициналық бұйымдар				
1	Буллездік эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Құрамында дәрі бар зарарсыз таңғыш, зарарсыз бактерияға қарсы атравматикалық сіңгіш таңғыштар, Дәке (жоғарысозымды бекіткіш, торлы, мақталы синтетикалық), Силиконды жабыстырғыш, Қорғаныш крем, көбік, гель, бальзам, құрамында дәрі бар жақпамай, Эммолиенттер, Антисептиктер, Зарарсыз мақталы дискілер, Зарарсыз инелер апирогенді, Майлықтар (зарарсыз, ылғалды гигиеналық)
2	Көмей және трахея стенозы	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Бейінді мамандардың қатысуымен медициналық ұйымдардың дәрігерлік-консульт ациялық комиссиясының шешімі бойынша	Трахеостомиялық түтік; Аспирациялық катетер
				орталық катетерді күтуге арналған құралдар (антисептиктер, стерильді медициналық майлықтар, стерильді және

3	Басқа көріністі жылауықты фиброз, Муковисцидоз, аралас түрі, ішектер мен тыныс алу жолдарының зақымдалуы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	стерильді емес таңғыштар, адгезивтерді кетіруге арналған тазартқыш, үш жақты кран, бактерияға қарсы ауа сүзгісі бар аспирациялық канюльдер, шприц сорғыларымен үйлесімді көктамыр ішіне енгізу үшін ұзартылған магистраль, жарыққа төзімді ерітінділерге арналған инфузиялық қап, инфузиялық бітеуіш , алынбалы инесі бар шприцтер (шприцті инфузиялық сорғыларға арналған инемен бұрандалы қосылыс), инфузияны өшірген кезде катетер құлыптары
---	--	--	---------------------------------------	---

3. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі мамандандырылған емдік өнімдер

1	Кистозды фиброз (Муковисцидоз)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлық дәрежесіне карамастан барлық түрі	Ортатізбелі триглицеридтер негізіндегі арнаулы емдік өнімдер
2	Буллездік эпидермолиз	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Ортатізбелі триглицеридтер негізіндегі арнаулы емдік өнімдер
3	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Глютенсіз мамандандырылған емдік өнімдер
4	Өңештің құрылымы (кедергісі)	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Мамандандырылған емдік өнімдер
5	Орташа белок-энергетикалық жеткіліксіздік	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Диеталық тамақтануға арналған мамандандырылған емдік өнімдер

6	Зат алмасуының бұзылуы, Гомоцистинурия	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	1 жастан асқан балаларға арналған емдік тамақтануға арналған мамандандырылған құрғақ өнім
7	Айқындалмаған дистония	Диспансерлік есепте тұрған 18 жасқа дейінгі балалар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Мамандандырылған емдік өнімдер
8	Спастикалық церебральды сал ауруы	Диспансерлік есепте тұрған барлық санаттар	Ауырлықтың барлық сатысы мен дәрежесі	Нутритивтік қолдауға мұқтаж адамдарға арналған мамандандырылған тамақтану

Батыс Қазақстан облыстық
мәслихатының 2020 жылғы
30 қыркүйектегі № 38-3
шешіміне 2-қосымша

1. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4643 тіркелген, 2017 жылы 12 қаңтарда "Орал өңірі" газетінде жарияланған);

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 1 маусымдағы № 10-8 " Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4838 тіркелген, 2017 жылы 5 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

3. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 15-7 " Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5005 тіркелген, 2018 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

4. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 21-11 "Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 "

Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5461 тіркелген, 2019 жылы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

5. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 28 тамыздағы № 28-5 " Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5776 тіркелген, 2019 жылы 5 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

6. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы № 33-5 " Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 8-9 " Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін және жеңілдікті шарттармен дәрілік заттарды және мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы" шешіміне толықтыру енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6089 тіркелген, 2020 жылы 27 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).